

"Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушысының № 18-03/143 бүйріғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 108 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 мамырда № 20660 болып тіркелді

З ҚАИ - ның ескертпесі !

Осы бүйріқтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қарандыз

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/143 бүйріғына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11935 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйріқтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы";

бүйріқтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.";

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан

экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 18 мамырдағы
№ 108 бүйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін
аткарушының
2015 жылғы 27 ақпандығы
№ 18-03/143 бүйрығымен
бекітілген

"Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1 -тармағының 52) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік орган – "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес ұрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды үйимдастыру Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған ұлттық әкімшілік орган;

2) өтініш беруші –лицензиялаудан немесе рұқсат беру рәсімінен өту үшін тиісті рұқсат беру органына жүгінген немесе хабарлама жіберген жеке немесе занды тұлға, занды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі, лицензиат, екінші санаттағы рұқсатты иеленуші;

3) Конвенция –Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы" 1999 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қосылған Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция;

4) ғылыми ұйым – Конвенция бойынша ғылыми қорытынды беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған ұйым;

- 5) ұлгі – Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген кез келген тірі немесе өлі жануар немесе олардың оңай танылатын кез келген бөлігі немесе дериваты;
- 6) рұқсат – рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын, жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға құқығын растау;
- 7) тарап – өзі үшін Конвенция күшіне енген мемлекет.

2-тaraу. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру тәртібі

3. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауға рұқсат алуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттардың бірі конвенцияның III-V бабына сәйкес ғылыми органның қорытындысы болып табылады.

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауға ғылыми қорытынды алу үшін өтініш беруші ғылыми ұйымға қағаз нысанында мыналарды:

- 1) осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауға ғылыми қорытынды алуға арналған өтінішті;

- 2) Қазақстан Республикасының аумағына ұлгілерді импорттау кезінде, егер ұлгі Конвенцияға 1, 2, 3-қосымшаларға енгізілген жағдайда, экспорттауға арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауға арналған сертификаттың көшірмесін;

- 3) Қазақстан Республикасының аумағында мекендейтін жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын табиғи ортасынан алу жағдайында электрондық құжат нысанындағы аң аулауға арналған рұқсаттың көшірмесін;

- 4) аушы жыртқыш құстарды Қазақстан Республикасының аумағына импорттау, аумағынан экспорттау және (немесе) кері экспорттау кезінде сақиналары (микрочиптері) бар фотосуреттерді, сондай-ақ аушы жыртқыш құс паспортының көшірмесін;

5) ұлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына импорттау, аумағынан экспорттау және (немесе) кері экспорттау кезінде аталған іс-қимылды жасау ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың көшірмесін, сондай-ақ импортталатын, экспортталатын және (немесе) кері экспортталатын өнімнің саны мен көлемі, жынысы, өнім түрі мен оның сипаттамасы (тірі, консервіленген, ұрықтандырылған, криоконсервіленген) туралы мәліметтер көрсетілген құжатты;

6) Қазақстан Республикасында қолдан өсірілген ұлгілерді Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттау және (немесе) кері экспорттау кезінде Конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіру қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаңың көшірмесі және (немесе) Конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік органда тіркелуі туралы куәлік, аралық бонитирлеу актілері, сондай-ақ сатып алған жағдайда ұлгілерді сатып алу туралы құжаттардың (жүккүжат, шарт, актілер) көшірмелерін жібереді.

4. Ғылыми ұйым Құрып кету қаупі тәнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға ғылыми қорытынды алуға арналған өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қарайды және ғылыми қорытынды береді не мынадай:

1) Құрып кету қаупі тәнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға ғылыми қорытынды алуға белгіленген нысан бойынша өтініш берген;

2) ұсынылған құжаттарда дұрыс емес мәліметтер болған;
3) егер ұлгілерді импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау олардың тірі қалуына қатер төндіретін жағдайларда ғылыми қорытынды беруден бас тартады.

5. Ғылыми қорытынды ғылыми ұйымның фирмалық бланкісінде ресімделеді, оған үәкілетті лауазымды адам қол қояды және ғылыми ұйымның мөрі басылады.

6. "Құрып кету қаупі тәнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан

Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті атынан әкімшілік орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет стандартында жазылған.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) занды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат нысанында Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат алуға өтініш;

2) жеке мақсатта импорттауды, экспорттауды және (немесе) кері экспорттауды жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, осы импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау туралы ниетін растибын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың электрондық көшірмесін;

3) ұлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде, егер ұлгі Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген жағдайда, экспорттауға арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауға арналған сертификаттың электрондық көшірмесін;

4) ғылыми ұйым қорытындысының электрондық көшірмесін;

5) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 615-бабының 2) тармақшасына сәйкес Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсаттар беру үшін бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растибын мәліметтерді;

6) жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасының аумағында мекендеу табиғи ортасынан алып қойған жағдайда электрондық құжат нысанында аң аулауға рұқсатты береді.

8. Құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус жіберіледі.

Жеке басын күәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы мәліметтерді Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру үшін бюджетке мемлекеттік баж төлеуді, аң аулауға рұқсатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні рұқсат алуға келіп түскен өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға береді (көрсетілетін қызметті алушы сағат 18.00-ден кейін немесе Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтырын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Құжаттар топтамасы толық болған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкестігін қарайды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру орны туралы хабарлама жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті аруды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылуы негіздері бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

11. Рұқсат осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беру журналына қол қойғыза отырып, өтініш берушінің сенімхаты бойынша өтініш берушіге (не сенімхат бойынша өкіліне) беріледі.

12. Рұқсатта осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген ақпарат, оны берген сэттен бастап тек алты ай ішіндегі ұлгілерді импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау үшін қолданылу кезеңі қамтылады.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуга жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletтін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Құрып кету қаупі төнген жабайы
фауна мен флора түрлерімен
халықаралық сауда туралы
конвенцияның күші
қолданылатын жануарлар
түрлерін
Қазақстан Республикасының
аумағына импорттауға,
Қазақстан Республикасының
аумағынан экспорттауға және
(немесе) кері экспорттауға
әкімшілік органның рұқсаттар
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Құрып кету қаупі төнген жабайы
фауна мен флора түрлерімен
халықаралық сауда туралы
конвенция жөніндегі әкімшілік
органның ғылыми ұйымы
кімнен _____
(занды тұлғаның толық атаяу,
жеке тұлғаның
(дара кәсіпкердің)

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)
мекенжайы _____
(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үй №, пәтер №
(бар болса), телефоны)
деректемелері _____
(бизнес сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру нөмірі)

**Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлеріменхалықаралық
сауда туралы конвенцияның күші қолданылатынжануарлар түрлерін Қазақстан
Республикасыныңау мағына импорттауға, Қазақстан
Республикасыныңау мағына экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға
ғылыми қорытынды алуға арналған өтініш Үлгілерді импорттауға,**

экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға ғылыми қорытынды беруінізді сұраймын

1	Импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, өсімді молайту мақсаттары, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуаннатуралдар бақтары, ботаникалық бақтар және музейлер арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берулер)
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлпынтар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, уылдырық, сондай-ақ бұйымдар, тірі жануарлар үшін – жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)
4	Үлгілердің саны және (немесе) салмағы
5	Үлгілердің шығу тегі (табигаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды)
6	Тұрлери Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора тұрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куаліктердің (тін) нөмірі және күні (бар болса)
7	Үлгілер Қазақстан Республикасы аумағында қолдан өсірілген болса, тұрлери Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора тұрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның (лардың) нөмірі және күні (бар болса)
8	Егер жануарлардың тұрлери, олардың бөліктегі мен дериваттары табиғи ортасынан Қазақстан Республикасы аумағындағы жануарлар тұрлерінің санын реттеу арқылы алынса, саны реттеуге жататын жануарлар тұрлерін алып қоюға берілетін рұқсат қағазының нөмірі мен күні
9	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі занды мекенжайы, олардың телефондары немесе факттары (жеке тұлғалар үшін – үйінің мекенжайы, паспорттың деректері)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растигын және дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттың жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Отініш берілген күн 20 _____ жылғы " _____ .

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрдің (бар болса) орны
(дара кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Құрып кету қаупі төнген жабайы
фауна мен флора тұрлерімен
халықаралық сауда туралы
конвенцияның күши
қолданылатын жануарлар
тұрлерін
Қазақстан Республикасының

аумағына импорттауга,
Қазақстан Республикасының
аумағынан экспорттауға және
(немесе) кері экспорттауға
әкімшілік органның рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

"Күрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауга әкімшілік органның рұқсаттар беруі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетіletіn қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
2	Көрсетіletіn мемлекеттіk қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттіk қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы(бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттіk қызметті kөrsetu мерзіmі	3 (ү ш) жұмыс күni . Құжаттарды алған сәтten бастап 2 (екі) жұмыс күni ішінде көрсетіletіn қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетіletіn қызметті алушы осы Қағидалардың 8-tармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзіmі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, көрсетіletіn қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту береді.
4	Мемлекетtіk қызметtіkөrsetu нысаны	электрондық (ішінara автоматтандырылған)
5	Мемлекетtіk қызметtі kөrsetu нәтиjесі	осы Қағидаларғa 4 -қосымшағa сәйкес нысан бойынша Күрып кету қаupі төngen жабайы фауна мен flora түrлеріmen халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түrлеріn Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауга рұқсат не дәлелді баc тaрту . Порталда көrsetiletіn қызметtі алушының "жеке кабинетіне" көrsetiletіn қызметtі берушіnің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында мемлекетtіk қызметtі kөrsetu нәтиjесі туралы хабарлама жіберіледі.
6	Мемлекетtіk қызметtі kөrsetu кезіндегi көrsetiletіn қызметtі алушыдан алынатын төлем мөлшері жәne Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәsіlдері	Мемлекетtіk қызметtі kөrsetiletіn қызмет жеке жәne заңды тұлғаларғa ақылы негізде көrsetiledi . Күрып кету қаupі төngen жабайы фауна мен flora түrлеріmen халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түrлеріn Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауга рұқsattar бергені үшіn мемлекетtіk баж "Салық жәne бюджетке төlenetіn basқa da міndettі tөlemder туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 615-бабының 2) тармақшасына сәйкес алынады жәne 2 айлық есептіk көrsetkіstі құрайды. Төлем қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түrлеріn жүzеге асыратын үйымдар арқылы, сондай-ақ электрондық үкіmettі tөlem шлюzі (бұдан әrі – ЭYTШ) порталы арқылы жүргізіледі.

		Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес сағат 18.00-ден кейін немесе демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары:
7	Жұмыс кестесі	<p>1) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында – www.ecogeо.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;</p> <p>2) порталда.</p>
8	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) өтініш берушінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауга рұқсат алуға арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) импорттауды, экспорттауды және (немесе) кері экспорттауга жеке мақсаттары үшін жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, осы импорттауды, экспорттауды және (немесе) кері экспорттауды жүзеге асыру ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде, егер үлгі Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген жағдайда, экспорттауга арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауга арналған сертификаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>4) ғылыми ұйым қорытындысының электрондық көшірмесі;</p> <p>5) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын мәліметтер;</p> <p>6) жануарлар түрлері, олардың бөліктері мен дериваттары Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи мекендеу ортасынан алынған жағдайда, аң аулауга арналған рұқсаттың электрондық көшірмесі</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйекіздігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті аудуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылуы.</p>
		Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін

10

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) көрі экспорттауга рұқсат Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның VI бабының талаптарына жауап береді.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен статусы туралы акпаратты порталдағы "жеке кабинет" құралы бойынша қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі

б а р .

Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін

Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга,
Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) көрі экспорттауга әкімшілік органның рұқсат беру қағидаларына
3-көсімша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (кімнен)

(занды тұлғаның тольқ атауы, жеке тұлғаның (жеке кәсіпкердің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй №, пәтер № (бар болса), телефоны)

деректемелері (бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан

Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат алуға арналған етініш Үлгілерді _____ импорттауға, (қажеттісінің астын сызу керек) экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсат беруді сұраймын.

1	Импорттау, экспорттау және (немесе) кері экспорттау максаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, өсімді молайту мақсаттары, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар және музейлер арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке басына беру)
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдерінде атауы көрсетілген үлгі
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тулыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азы тістер, қан, уылдырық, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін – жынысы мен жасы, сәйкестендіру белгілерінің бар-жоғы)
4	Үлгілердің саны және (немесе) салмағы
5	Үлгінің шығу тегі (табиғаттан алынған, жасанды жағдайларда шығарылған немесе өсірілген, басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сыйға немесе мұраға алынды және тағы басқалар)
6	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куәліктердің (-тің) нөмірі және күні (бар болса)
7	Егер үлгілер Қазақстан Республикасы аумағында жасанды жағдайларда өсірілген болса, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның (-лардың) нөмірі және күні (бар болса)
8	Егер жануарлардың түрлері, олардың бөліктегі мен дериваттары Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар санын реттеу арқылы табиғи ортадан алынса, саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алуға арналған рұқсаттың нөмірі мен күні
9	Экспорттаушы мен импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факттары (жеке тұлғалар үшін - үйінің мекенжайы, төлкүжат деректері)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күні 20 _____ жылғы " _____ "


(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, мөр орны

(дара кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Құрып кету қаупі төнген
жабайы фауна мен флора
түрлерімен халықаралық сауда
туралы конвенцияның
куші қолданылатын жануарлар

түрлерін
 Қазақстан Республикасының
 аумағына импорттауға,
 Қазақстан Республикасының
 аумағынан экспорттауға және
 (немесе) кері экспорттауға
 әкімшілік органның рұқсат беру
 қағидаларына
 4-қосымша
 Нысан

**Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлері мен халықаралық
 сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан
 Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының
 аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның
 рұқсаты**

Конвенция о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения (СИТЕС)	О Р И Г И Н А Л Original	Convention on Endangered and Flora (CITES)
Казақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Министерство Экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Ministry of Ecology, geology and natural resources of the Republic of Kazakhstan	Экспорт Export Импорт	Қазақстан әкімшілік Административный Республике Казахстан Management Author the Republic of Kazakhstan
	Прочие Other	
Экспортер / Exporter / Re-exporter:	Реэкспортер:	Разрешение Permit №: Действительно Valid until:
Импортер: Importer:		Особые Special conditions:
Для живых животных данное разрешение действительно только, если условия транспортировки соответствуют рекомендациям For live animals this permit is only valid if the tr		

CITES Guidelines for Transport of Live or, in the case
Live Animal Regulations

	Описание образца, включая метки Description of specimens, including identifying marks or numbers	Приложение Appendix	Источник Source	Цель Purpose	Коли экземпляры Quant specimens						
A				страна происхождения Country of origin	Номер да Permit №:						
B				страна происхождения Country of origin	Номер да Permit №:						
Настоящее разрешение This permit was issued on: _____ Security stamp, Казахстан / Kazakhstan			дата / D signature and								
Подтверждение экспорта / реэкспорта			заполняется пересечения границы Пункт Дата: _____ Подпись _____ печать: _____ Номер коносамента / авиакладной								
<table border="1"> <tr> <td>Название образца</td> <td>Количество</td> </tr> <tr> <td>A</td> <td></td> </tr> <tr> <td>B</td> <td></td> </tr> </table>						Название образца	Количество	A		B	
Название образца	Количество										
A											
B											

Күрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауга, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауга және (немесе) кері экспорттауга әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Күрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан

Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру журналы

P/ с №	Кімге берілді	Үлгінің атауы	Саны	Қайда/ кайдан	Рұқсат берілген күні және нөмірі	Алушының аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, сенімхат	Алушының қолы
1							
2							
3							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК